

**"Қазақ Аджанта Фарма Лимитед" "Алматы қаласында фармацевтік зауыттың құрылысын салу" бірлескен кәсіпорнының жобасын іске асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 3 сәуірдегі N 282

"Қазақ Аджанта Фарма Лимитед" "Алматы қаласында фармацевтік зауыттың құрылысын салу" бірлескен кәсіпорнының жобасын іске асыру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Үндістан Республикасының несиесін одан әрі пайдалану туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі N 109 P970109\_ және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 ақпандағы N 148 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 1997 жылғы 13 қазандағы N 1406 P971406\_ қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:**

Үндістан Республикасының Қаржы министрлігімен үнді несие желісінің бірінші траншы бойынша негізгі борыш пен сыйақының (мүдденің) бірінші төлемінің күнін к е л і с с і н ;

"1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 9 желтоқсандағы Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдік лимитінің шегінде "Алматы қаласында фармацевтік зауыттың құрылысын салу" жобасы жөніндегі несиелік келісім бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік к е п і л д і г і н б е р с і н .

**2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:**

Үндістан Республикасының Мемлекеттік банкімен "Алматы қаласында фармацевтік зауыттың құрылысын салу" жобасы жөнінде несиелік келісім жасассын;

осы несие бойынша түпкілікті заемшы ретінде "Қазақ Аджанта Фарма Лимитед" қазақ-үнді бірлескен кәсіпорнымен несиелік келісім жасассын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі